



«БЕКІТЕМІН»

облыстық білім беруді дамыту
оку-әдістемелік орталығының
директорының м.а.

Г.Мухметова

Салын

2021 №

**«БІЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР»
облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

2021 жылғы 14 мамырда Алматы облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік орталығы «БІЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясын (одан әрі – Конференция) өткізеді.

Конференцияның мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары жас мамандарының инновациялық шығармашылығын арттыру, кәсіби өзін-өзі жетілдіру мен өзекті мәселелерді талқылау үшін диалогтік алаңын құру.

Конференция бағдарламасында ЖОО ғалымдары, әлеуметтік серіктестік үйымдары мамандары мен ТжКБ жас мамандарының катысуымен пленарлық отырыс және секция жұмыстары өткізу жоспарланады.

Конференцияны үйымдастырушылар: Алматы облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік бөлімі

Секция жұмыстары

1. Мамандықтар бойынша кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары

Проблемалық аймағы: Техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын дуальді оқыту жүйесі арқылы арттыру. Білім берудің жаңғыру жағдайында инженер-педагогтардың кәсіби біліктілігін кәсіпорын базасынан жетілдірудің өзекті жолдары. Кәсіби әріптестік арқылы білікті кадрларды даярлаудың жаңа мүмкіндіктері. Әлеуметтік серіктестермен жүргізілетін жұмыстың ерекшеліктері.

2. Қашықтан білім беру. Әдіснама, әдістеме және технологиялық аспектілер.

Проблемалық аймағы: Қашықтан оқыту – оқыту нысаны ретінде. Білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы мен практикасы. Қашықтан оқытудағы отандық және шетелдік білім беру платформалары. Заманауи қоғамның жаһандануы мен коммуникативтік табиғаты.

3. Психология, инклюзия, отбасы және тәрбие.

Проблемалық аймағы: Білім беру үрдесінің қатысуышыларына психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу жүргізу. Инклюзивті білім беру аспектілері. Инклюзивті білім беру бағдарламаларының негізінде кәсіби мамандарды қалыптастыру. Оқыту мен тәрбиелеуге құндылықты бағдарланған тәсіл. Білім алушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша колледж бен отбасының өзара әрекеттестігі. Қашықтан оқыту жағдайында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру.

ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ

Конференцияға қатысуға ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы, «Жас маман» жобасының «Еңбек» операторы «Талап» холдингі» КЕАҚ мамандары, білім беру үйымдарының басшылары, колледж оқытушылары, әлеуметтік серіктестік ұйым өкілдері шақырылады.

Конференцияны өткізу тілі – қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция қорытындысы бойынша **материалдар жинағы** (электронды түрде) шығарылады.

Конференция қатысуышыларына **баяндама тақырыбы көрсетілген сертификаттар беріледі.**

Конференция материалдары бір файлмен бекітіледі (архивтелген түрде):

- автор жөнінде ақпарат, екі тілде: қазақ, орыс, қоса тіркелген форма бойынша (1-қосымша);
- конференция материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделген мақала мәтіні (2-қосымша).

Авторлар мақаланың бірегейлігі мен мазмұнына өздері жауап береді.

Конференцияға қатысуышылардың назарына!

Авторлар жөнінде ақпарат және мақала мәтіні бір файлмен (мұрагатталған түрде) қоса жіберіледі.

Автор(лар)дың аты-жөні бойынша файлдардың атаулары (мысалы: Кусаинов С.А. Мақала.doc; Кусаинов С.А. Ақпарат.doc; Ахметов Б.Т. + Серікбаев А.К. + Бериков И.Д. Мақала және т. б.).

ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ТҮРІ:

- пленарлық/секция жұмысына презентациямен сөз сөйлеу (қатысуышыга баяндама тақырыбы көрсетілген пленарлық/секция жұмысының баяндамашысы сертификаты және конференцияның бағдарламасы электронды түрде беріледі);
- презентациямен сөз сөйлеу және конференция материалдарының жинағында мақала жариялау (қатысуышыга баяндама тақырыбы көрсетілген баяндамашы сертификаты, конференция бағдарламасы және материалдар жинағы электронды түрде беріледі);
- конференция материалдары жинағында мақала жариялау (қатысуышыга конференция бағдарламасы және материалдар жинағы электронды түрде беріледі, қажет болған жағдайда конференцияға

қатысушы сертификаты электронды түрде беріледі).

БАСТЫ КҮНДЕР

Мақаланың жариялануға қабылдау: а.ж. 06 мамырына дейін.

Конференцияның сертификаттары мен материалдар жинағын электронды түрде беру: конференция аяқталғаннан кейін 2 апта ішінде.

Анықтама үшін байланыс: Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы,

Жұмыс тел.: +7(7282)10-08-92; +7(707)400 7079

Электрондық пошта: tal.metodtipo@mail.ru

Өткізу нысаны: қашықтықтан zoom бағдарламасы арқылы

Өтетін күні: 14 мамыр 2021 жыл

Қатысушыларды тіркеу: 9.30

Конференцияның басталуы: 10.00

«БІЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға **СҰРАНЫС**

1-ҚОСЫМША

| | |
|----------------------------------|--|
| Аты-жөні | |
| Оқу орны атауы | |
| Лауазымы | |
| Ғылыми дәрежесі (егер бар болса) | |
| Мақаланың атауы | |
| Бағыты | |
| Байланыс телефоны, e-mail | |

Өтінімде қысқартулар мен аббревиатураларга жсол берілмейді!

2-ҚОСЫМША

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Мақала мәтіні 5-7 беттен (5-тен кем емес және 7-ден артық емес) электронды түрде ұсынылады: *MS WORD* мәтіндік редакторы; *A4* форматы, негізгі шрифт – *TimesNewRoman*; кегль – 14, жоларалық интервал – бір; стиль – қарапайым; мәтіннің ені бойынша тұра; абзац шегінісі – 1,0 см; барлық жиектері – 2 см. Беттер нөмірленбейді.

Жоғарыдан ортасына қарай – тасымалсыз бас әріптермен, жартылай қалың әріптермен баяндама атауы; одан әрі бір жолдан кейін, ортасында – автор(-лар)дың аты-жөні және тегі, бір жолдан кейін – ұйым, қала, автор(-лар)дың e-mail, бір жолдан кейін – мақала мәтіні. Әдебиетке сілтемелер тік жақшада беріледі. Әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалдарды қоюға болмайды.

Мақала мәтінінің соңында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аннотация (3-4 сөйлемнен) болуы тиіс.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
Кусаинов С. А.

Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі, Талдықорған қ, Kusainov@mail.kz

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [1]. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [2]. ... Мақала мәтіні [3]. Мақала мәтіні.

Әдебиеттер тізімі

1 Абэ Осаму. Когда началось экологическое образование? // Тири. 1990. Т. 35, №12. -С.21-27.

2 Учение Вернадского о ноосфере. <http://www.ecosistema.ru>.

3 Концепции экологического образования Республики Казахстан, г. Астана. 2002 г.,http://ecoinfo.iacoos.kz/lite/index.php?option=com_content&task=view&id=852

Аңдатта. Мақалада негізгі құзырлар және экологиялық білімнің контекстіндегі оқушылардың экологиялық мәдениеттің және санасының құрастыруы өзара байланысында қаралады.

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь ключевых компетенций и формирования экологической культуры и сознания учащихся в контексте экологического образования.

Abstract. In the article intercommunication of key competences and forming of ecological culture and consciousness is examined students in the context of ecological education....

Әр кесте немесе сурет үшін мәтінде сілтеме болуы керек, кестелер мен суреттердің нөмірленуі – үздіксіз, кестелер мен суреттерге қойылған акпарат толық жеткілікті камтылуы керек. Суреттердің көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс. Суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер TIFF немесе JPG кеңейтімі бар файлмен ұсынылуы тиіс.

Авторлардың назарына!

Материалдар авторлық редакцияда жарияланатын болады.

Мақала жазу кезінде ғылыми және ғылыми-әдістемелік жарияланымның дәстүрлі құрылымын сактау ұсынылады: кіріспе, зерттеу әдіснамасы, зерттеу әдістері (құралдары), зерттеу барысында алынған нәтижелер (деректер), зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын талқылау.

Мақалаларда тек бастапқы ғылыми және эксперименттік деректерді пайдалану ұсынылады. Материалдар басқа зерттеушілерден алынған жағдайда тиісті дұрыс сілтеме жасалуы керек.

Материалдар барлық талаптарға сәйкес мұқият өнделуі керек. Рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған мақалалар конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және авторларға қайтарылмайды.